

**МИНИСТРЕСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

**НАО «ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКИЙ МЕДИЦИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ МАРАТА ОСПАНОВА»**

Кафедра патологической физиологии и гистологии



Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің
65-жылдығына арналған және бейбітшілік пен даму үшін Бүкіләлемдік
ғылым күнін мерекелеуге арналған
«ИННОВАЦИЯ АРҚЫЛЫ ҒЫЛЫМҒА ҚАДАМ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕГЕ ЕНГІЗУ» атты
халықаралық қатысымымен студенттердің ғылыми-тәжірибелік
конференция материалдарының жинағы
(18 қараша 2022 жыл)

Сборник материалов студенческой научно-практической конференции с
международным участием, посвящённой 65-летию Западно-
Казахстанского медицинского университета имени Марата Оспанова и
празднованию Всемирного дня науки за мир и развитие на тему:
"НАУЧНЫЕ ШАГИ ЧЕРЕЗ ИННОВАЦИИ И ВНЕДРЕНИЕ В ПРАКТИКУ"
(18 ноября 2022 года)

Ақтобе, 2022

УДК 61:378-057.875(08)

ББК 74.58я73

Н 34

Сборник только в электронном формате

Редакционная коллегия: Жексенова А.Н., Көмекбай Ж.Е., Темирова Г.А., Мукышова Г.Д., Егимбердиева Р.Е., Егизбаева Д.К., Бердалинова А.К., Алиева Л.М., Ахаева А.Е., Ахметова У.Ж., Кандыгулова Г.Ж., Амангелдіқызы Э., Нүрсейтова Т.Х., Жылкыбекова А.К., Нурымова Г.К., Ауезова Д.С.

Н 34 НАУЧНЫЕ ШАГИ ЧЕРЕЗ ИННОВАЦИИ И ВНЕДРЕНИЕ В ПРАКТИКУ: Сборник материалов студ. науч.-прак. конф. с межд. участием (18 ноября 2022г), посвящённой 65-летию Западно-Казахстанского медицинского университета имени Марата Оспанова и празднованию Всемирного дня науки за мир и развитие – Актобе: «Западно-Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова» НАО, Электронный формат, 2022. – 109с.

ISBN 978-601-80722-7-7

Сборник материалов подготовлен по результатам проведенной 18 ноября 2022 года Студенческой научно-практической конференции с международным участием, посвященной 65-летию Западно-Казахстанского медицинского университета имени Марата Оспанова и празднованию Всемирного дня науки за мир и развитие на тему «Научные шаги через инновации и внедрение в практику». Целью конференции - привлечение молодых исследователей к решению актуальных задач современной науки, интеграция высшего образования и фундаментальной науки в сфере медицины.

УДК 61:378-057.875(08)

ББК 74.58я73

ISBN 978-601-80722-7-7

© Издательство - НАО «ЗКМУ им.М.Оспанова», 2022

УДК 159.944.4-057.875.

Тұрғанбек Қ.Қ.

**МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БҚМУ СТУДЕНТТЕРІ АРАСЫНДА
ЭМОЦИОНАЛДЫ КҮЙРЕУ СИНДРОМЫНЫҢ ТАРАЛУ ДӘРЕЖЕСІН
АНЫҚТАУ**

Патологиялық физиология кафедрасы
Ғылыми жетекшісі: м.ғ.м. Егизбаева Д. Қ.
Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті КеАҚ,
Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы.

Кілттік сөздер: эмоционалды күйреу, эмоционалды күйреудің таралуы, студенттік сауалнама, деперсонализация.

Өзектілігі: Эмоционалды күйреу синдромы (ЭКС) – созылмалы стресс кезінде дамиды, дәрігер маманның эмоционалды-энергетикалық және жеке ресурстарының сарқылуынан пайда болатын синдром. Медицина саласында оқитын студенттер қызметі эмоционалды стресстік еңбек түрлерінің қатарына жатады және студенттің психикалық және соматикалық денсаулық деңгейіне әсер етеді[1]. Өзін-өзі бақылау және өзін-өзі реттеу резервтерінің болмауы эмоционалды күйреу синдромына алып келуі мүмкін. Бірқатар зерттеулер нәтижесі медициналық университет студенттері арасында эмоционалды күйреу синдромы таралу жиілігі жоғары екендігі анықталды[2].

Зерттеудің мақсаты: Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің студенттері арасында эмоционалды күйреу синдромының таралу жиілігін анықтау.

Материалдар мен әдістер: Эмоционалды күйреу синдромының таралу жиілігін анықтау мақсатында 17-27 жас аралығындағы 115 студентке (1 курс – 34,7%, 3 курс 34,7%, 5 курс – 30,6%) сауалнама жүргізілді. Эмоционалды күйреу көрсеткішін анықтау – Maslach Burnout Inventory сауалнамасы арқылы жүргізілді. Сауалнама нәтижесі 3 субшкала арқылы бағаланды: Эмоционалды сарқылу; Деперсонализация; Жеке жетістіктердің редукциясы.

Нәтижелері. «Эмоционалды сарқылу» субшкаласын талдау бойынша: Жоғарғы дәрежеде - 1 курстың 31,6%-ында, 3 курстың 17,7%-інде, 5 курстың 7,6%-де, Орташа дәрежеде - 1 курстың 60,3%, 3 курстың - 59,3%, 5 курстың - 47,2%. Төменгі дәрежеде - 5 курстың 45,2% , 3 курстың – 22,9%, ал 1 курстың - 7,9% анықталды. «Деперсонализация» субшкаласын талдау бойынша: Жоғары дәрежеде - 1 курс студенттерінің 73,4%-ында, 3 курс - 71,1%, 5 курс - 30,1%, Орташа дәрежеде - 5 курс студенттерінің - 24,1% - ында, 1 курс - 21,2%, 3 курс - 18,2%, Төменгі дәрежеде - 5 курстың - 45,7%, 3 курстың - 10,6%, 1 курстың - 5,4% анықталды. «Жеке жетістіктер редукциясы» субшкаласын талдау барысында: Төменгі дәрежеде - 5 курстың 60,4%, 3 курстың 52,3%, 1 курс студенттерінің 46,3%-ында. Орташа дәрежеде - 1 курстың 33,2%, 5 курс - 30,4%, 3 курс 28,2%-ында. Жоғары дәрежеде - 1 курс студенттерінің 20,4%, 3 курс - 19,8%, 5 курс - 10,1% анықталды.

Қорытынды. “Эмоционалды сарқылу”, “Деперсонализация” және “Жеке жетістіктер редукциясы” субшкалаларын қорытынды мәнінен “Эмоционалды күйреу” көрсеткіші алынды. Осы көрсеткіш (эмоционалды күйреу) бірінші курс студенттерінің арасында жоғары дәрежеде (41,8%) кездесетіндігі анықталды. Бірінші курс студенттерінің басқа курс студенттеріне қарағанда жоғарғы жиілікте психоэмоционалды бұзылыстардың

болуы жаңа ортаға бейімделу үрдісімен қатар қарқынды режим, ұйқы тәртібінің бұзылуынан болуы мүмкін.

Әдебиеттер тізімі:

1. А.К. Ешманова, Г.Б. Умутбаева, А.И. Нуфтиева - Исследование профессионального выгорания среди студентов КазНМУ и медицинских работников некоторых учреждений г. Алматы. – стр. 1-2.
2. Ишутина И.Н. – Синдром эмоционального выгорания у студентов-медиков – неизбежность или вымысел? // Бюллетень медицинских Интернет-конф. //2014 Том 4.

РЕЗЮМЕ

Турганбек К.К.

Определение степени распространенности синдрома эмоционального выгорания среди студентов ЗКМУ имени Марата Оспанова

Кафедра патологической физиологии

Научный руководитель: м.м.н. Егизбаева Д. К.

НАО «Западно-Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова»,
Город Актобе, Республика Казахстан.

Выявлена частота распространения синдрома эмоционального коллапса среди студентов Западно-Казахстанского медицинского университета им.Марата Оспанова.

SUMMARY

Turganbek K.K.

Determination of the prevalence of emotional burnout syndrome among students of the WKMU named after Marat Ospanov

Department of Patological Physiology

Scientific supervisor: m.m.s.Egizbaeva D. K.

«West Kazakhstan Medical University named after Marat Ospanov»

Actobe city, The Republic of Kazakhstan.

The frequency of the spread of emotional collapse syndrome among students of the West Kazakhstan Medical University was revealed. Marat Ospanov.

УДК 81'271.1-057.875(043)

Сангалиев Е.

РЕЗУС - ТЕРІС ҚАН ТОБЫ БАР ӘЙЕЛДЕРДІҢ ЖҮКТІЛІГІНІҢ ЖҮРГІЗІЛУІ

Патологиялық физиология кафедрасы

Ғылыми жетекшісі: м.ғ.м. Егизбаева Д. К.

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті КеАҚ,

Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы.

Кілттік сөздер: сөйлеу ортасы, медицина студенттері, сұрастыру, жазбаша сөйлеу, ауызша сөйлеу.

Өзектілігі. Қазіргі уақытта ана мен қағанактың иммунологиялық үйлесімсіздігі өзекті мәселе болып отыр[1]. Ұрықтың гемолитикалық ауруының барлық клиникалық маңызды жағдайларының 95%-ы Rh факторының сәйкессіздігіне байланысты. Резус-теріс ананың ұрықтың резус-оң эритроциттерімен сенсбилизациясы 1% жағдайда жүктілік кезінде және 10% жағдайда - босанғаннан кейін, ұрық қаны ананың қанына түскен кезде пайда болуы мүмкін. Жүктілік кезіндегі Rh-теріс әйелде Rh оң ер адамнан 55-60% жағдайда ұрық Rh -оң болады. Резус-позитивті ер адамның 60%-ы гетерозиготалы, ал 40%-ы резус-фактор бойынша гомозиготалы болғандықтан,

акушерлік ұсыныстарға сәйкес резус-позитивті ер адамның резус-теріс әйелінің жүктілігі резус-оң ұрықтың жүктілігі ретінде жүргізілуі керек [2].

Зерттеудің мақсаты. Резус - теріс қан тобы бар әйелдердің жүктілігінің жүргізілуі ерекшеліктерін зерттеу.

Материалдар мен әдістер. Ақтөбе қаласы №4-ші қалалық емханада жүктілігі бойынша 2022 жылдың көкек айынан.2022 жылдың қыркүйек айының аралығында тіркелген, қанының резус – факторының терістігі (Rh -) серологиялық расталған 22 - 40 жас аралығындағы 22 жүкті әйелдердің жеке карталарына талдау жүргізілді.

Нәтижелер. Қан топтары арасында қанның теріс факторы Rh (-) III (B) топта 36%, II (A) және I (O) топтарда 27%, IV(AB) топта 9% кездесті.

Зерттелген жүкті әйелдердің қан сарысуындағы толық емес резусқа қарсы антиденелердің титрі 1:2-ден 1:128-ке дейін болды. Резус - теріс қан тобы бар әйелдердің жүктілігінің жүргізілуінде бірқатар ерекшеліктер анықталды, яғни, дәрігер-гинеколог анамнезді жинаудан басқа алдыңғы жүктілікпен байланысы бар факторлар (жатырдан тыс жүктілік; жүктіліктің үзілуі; алдыңғы жүктіліктегі инвазивті диагностика; алдыңғы жүктіліктегі қан кету) анықтаумен қатар жүктілік кезінде резус-иммундау мәселесі қарастырылатындығы анықталды.

Қорытынды. Қазіргі уақытта Rh-теріс қаны бар әйелдерді жүктілігін жүргізудің нақты алгоритмі жасалған. Осы қарапайым алгоритмді ұстану әйелге дені сау сәбилерді дүниеге әкелуге мүмкіндік береді. Осы кезеңде бір жақты шешімі әлі де қарастырылып отырған мәселе- ұрықтың Rh - факторын жүктілік кезінде анықтау болып отыр.

Әдебиеттер тізімі:

1. Конопляников А.Г., Тороповский А.Н., Викторов Д.А., Мякишева Ю.В., Бурганова Р.Ф., Соловьев А.В., Казакова А.В., Мариновская В.Б. Иммунологическая несовместимость плода и матери по резус-фактору: медицинская значимость и экономический эффект применения молекулярно-генетических технологий. *Акушерство, Гинекология и Репродукция.* 2021;15(5):525–533. <https://doi.org/10.17749/2313-7347/ob.gyn.rep.2021.245>.
2. Jensen M.P., Damkjaer M.B., Clausen F.B. et al. Targeted Rhesus immunoglobulin for RhD-negative women undergoing an induced abortion: A clinical pilot study. *Acta Obstet Gynecol Scand.* 2019;98(9):1164–71. <https://doi.org/10.1111/aogs.13606>

РЕЗЮМЕ

СангалиевЕ.

Ведение беременности у женщин с резус-отрицательной группой

Кафедра патологической физиологии

Научный руководитель: м.м. н. – Егизбаева Д. К.

НАО «Западно-Казахстанский медицинский университет имениМарата Оспанова»,
Город Актөбе, Республика Казахстан.

Данным исследованием установлено, что в ходе ведения беременных женщин с резус-отрицательной кровью врачом-гинекологом проводится кроме сбора анамнеза (факторов, имеющих связь с предыдущими беременностями: внематочная беременность; прерывание беременности; инвазивная диагностика в предыдущих беременностях; кровотечения в предыдущих беременностях) рассмотрение вопроса резус-иммунизации во время беременности.

SUMMARY

Sangaliyev Y.

Pregnancy management of women with Rh-negative blood factor

Department of Patological Physiology

Scientific supervisor: m.m.s. Egizbaeva D. K.
«West Kazakhstan Medical University named after Marat Ospanov»
Aktobe city, The Republic of Kazakhstan.

This study found that during the management of pregnant women with Rh-negative blood, a gynecologist, in addition to collecting anamnesis (factors related to previous pregnancies, ectopic pregnancy, termination of pregnancy, invasive diagnosis in previous pregnancies, bleeding in previous pregnancies), considers the issue of Rh-immunization during pregnancy

УДК 616.9-036.88(574.13)

Шаратдинова А.С.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ АРАСЫНДА COVID-19-БЕН БАЙЛАНЫСТЫ БАРЛЫҚ СЕБЕПТЕРДЕН БОЛАТЫН ӨЛІМ

Эпидемиология кафедрасы

Ғылыми жетекші: м.ғ.к., қауымдас. профессор Уразаева С.Т.
КеАҚ «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті»
Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы

Кілттік сөздер: ковидтен болатын өлім, статистика, ковидтен өлімнің корреляциясы, денсаулық жағдайының нашарлауы.

Өзектілігі. 2020 жылы табысы жоғары 29 елде миллионға жуық шамадан тыс өлім жағдайы тіркелді, көрсеткіштер барлық дерлік елдерде әйелдерге қарағанда ер адамдарда жоғары болды. Шамадан тыс өлім көптеген елдерде тіркелген COVID-19 өлім-жітімінен едәуір асып түсті, бұл пандемияның өлімге толық әсерін анықтау үшін шамадан тыс өлімді бағалау қажет екенін көрсетеді. Сонымен қатар, біршама елдерде өлім-жітімнің гендерлік теңсіздігі айқын байқалды [1]. Соңғы пандемияға дейінгі жылдары Қазақстанда өлім саны тұрақты болды: 2014 жылдан бастап 2019 жылға дейін ол 129 мың - 131 мың шегінде ауытқып отырды. Алайда, 2020 жылы өлім саны 162 мыңнан асты. 2017-2019 жылдардағы өлімнің орташа санымен салыстырғанда, 2020 жылы Қазақстанда шамадан тыс өлім саны 31 751 құраған. Алдыңғы жылдары, мысалы, 2019 жылы (2016-2018 жылмен салыстырғанда) немесе 2018 жылы (2015-2017 жылдармен салыстырғанда) шамадан тыс өлім болған жоқ, тіпті төмендеу байқалды [2].

Зерттеудің мақсаты: пандемияға дейінгі және кейінгі кезеңдегі барлық себептерден болатын өлім-жітімге талдау жүргізу.

Материалдар мен әдістер. Ақтөбе облысы бойынша 2017-2021 жылдардағы өлім-жітім құрылымына ҚР ДСМ "РЭДСО" ШЖҚ РМК Ақтөбе облыстық филиалынан алынған материалдар бойынша талдау жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері. ХАЖ-10 сәйкес, 2017-2021 жылдар бойынша көрсеткіштердің өсуі барлық дерлік аурулар топтарында байқалады. Атап айтқанда жүрек қан тамыр жүйесі аурулары, соның ішінде жүректің ишемиялық ауруы 2017 ж - 424 жағдайдан 2021 ж. -731 жағдайға дейін өсуі байқалады, сондай - ақ ми тамырларының зақымдануы 2017 ж -535 жағдай тірелсе, ал 2021 ж. - 764 жағдайға дейін жоғарылады. Францияда жүргізілген зерттеуде қатарлас COVID-19 диагнозымен инсультпен ауруханаға жатқызылған науқастарда COVID-19 диагнозынсыз инсультпен ауруханаға жатқызылған науқастармен салыстырғанда ауруханада және 3 айлық өлім-жітім көрсеткіштері жоғары болды [3]. Сонымен қатар, жедел инфаркт миокардісі мен стенокардия бойынша да өсу тенденциясы байқалады. Ал, осы жылдардағы ас қорыту жолдарының ауруларын қарастырсақ: 2020 және 2021 ж.ж. бұл аурулардың да тіркелуі

өскені байқалады. Қатерлі ісіктер мен инфекциялық аурулардан COVID-19 қоспағанда (жедел ішек инфекциясы, туберкулез) керісінше өлім саны азайған.

Қорытынды. Сонымен, COVID-19 ауруы қосалқы аурулары бар науқастардың денсаулығының нашарлауына, қосалқы созылмалы ауруларының ауыр дәрежеде өтуіне және өліммен аяқталуына әсер етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Nazrul Islam, Vladimir M Shkolnikov, Rolando J Acosta, Ilya Klimkin, Ichiro Kawachi, Rafael A Irizarry et al. Excess deaths associated with covid-19 pandemic in 2020: age and sex disaggregated time series analysis in 29 high income countries. *BMJ-BRITISH MEDICAL JOURNAL* 373

2. Forbes.kz Қазақстан vs коронавирус. 2-бөлім: Артықөлім.

3. Gabet A.^a · Grave C.^a · Chatignoux E.^a · Tuppin P.^b · Béjot Y.^c · Olié V.^a

Characteristics, Management, and Case-Fatality of Patients Hospitalized for Stroke with a Diagnosis of COVID-19 in France. *Neuroepidemiology*, 2021, Vol.55, No.4

РЕЗЮМЕ

Шаратдинова А.С.

**Смертность от всех причин, связанных с covid-19 среди жителей
Актыобинской области**

Кафедра эпидемиологии к.м.н., асс. профессор Уразаева С.Т.

Некоммерческое акционерное общество Западно-Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова, город Актобе, Республика Казахстан.

Анализ структуры смертности за 2017-2021 годы по Актыобинской области по материалам Актыобинского областного филиала РГП на ПХВ "РЦЭЗ" МЗ РК показал, что COVID-19 приводит к ухудшению состояния здоровья пациентов с сопутствующими заболеваниями, их прогрессированию и риску летального исхода.

SUMMARY

Sharatdinova A.S.

**Mortality from all causes related to covid-19 among residents of
Aktobe region**

Department of Epidemiology Candidate of Medical Sciences, Associate Professor Urazayeva S.T. Non-profit Joint Stock Company West Kazakhstan Medical University named after Marat Ospanov, Aktobe, Republic of Kazakhstan.

The analysis of the mortality structure for 2017-2021 in the Aktobe region based on the materials of the Aktobe regional branch of the Republican Center of electronic Health care of the Ministry of Health of the Republic of Kazakhstan showed that COVID-19 leads to a deterioration in the health of patients with concomitant diseases, their progression and the risk of death.

Мамедова С.Н., Иниязова К.С.

МОРФОЛОГИЧЕСКИЕ ПРИЗНАКИ ВОСПАЛИТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА ПОДЖЕЛУДОЧНОЙ ЖЕЛЕЗЫ ПРИ САХАРНОМ ДИАБЕТЕ

Кафедра гистологии

Научный руководитель: магистр Сарина А.А.

НАО «Западно-Казахстанской медицинской университет имени Марата Оспанова»,
город Актобе, Республика Казахстан

Ключевые слова: сахарный диабет, воспаление поджелудочной железы, морфологические признаки, литературный обзор, паренхима железы.

Актуальность заключается в важности изучения особенностей морфологических признаков строения здоровой поджелудочной железы и при воспалительном процессе поджелудочной железы при сахарном диабете. Сахарный диабет занимает первое место среди эндокринных заболеваний. Согласно данным ВОЗ во всем мире насчитывается более 150 млн. больных сахарным диабетом. Количество больных сахарным диабетом удваивается каждые 15 лет. А также в развитых странах смертность от СД занимает 4 место [1,2,3].

Цель исследования: Сравнительная оценка об изменении морфо-гистологической структуры поджелудочной железы при сахарном диабете.

Материалы и методы: В исследовании были изучены полнотекстовые публикации на английском, русском, азербайджанском языках, в которых идет речь о морфологических признаках воспалительного процесса поджелудочной железы при сахарном диабете.

Результаты: По результатам проведения анализа и обзора с изученной литературы, был сделан вывод о различии морфофункциональных признаков поджелудочной железы при сахарном диабете. Количество островков Лангерганса и их размеры при сахарном диабете значительно уменьшены. Клетки островкового аппарата в различной степени дистрофически изменены, иногда атрофичны, а в соединительнотканых прослойках отмечается гиалиноз. При некоторых клинических формах сахарного диабета наряду с дистрофическим и атрофическим процессами иногда могут наблюдаться явления регенерации островковой паренхимы.

Заключение: Таким образом, в большинстве случаев отмечалось уменьшение числа и размеров островков Лангерганса. Во всех исследованных случаях были обнаружены воспалительные изменения в поджелудочной железе преимущественно в виде лимфоидной, плазмацитарной и макрофагальной инфильтрации. В клетках островкового аппарата отмечено очень большое количество внутриядерных герпетических включений II типа. Признаки воспаления отмечены как в паренхиме железы, так и в жировой и фиброзной тканях.

Список литературы:

1. Сахарный диабет 2 типа. Проблемы и решения: Т. 1 / Александр Сергеевич Аметов . – 3-е изд., перераб. и доп. – Москва: ГЭОТАР-Медиа, 2015. – 350 с.
2. Актуальные вопросы терапии и обучения пациентов с сахарным диабетом [Электронный ресурс]: цикл веб-конференций. – 3,41 Кб. – Москва, 2013.
3. Рафиг Мамедгасанов «Şəkərli diabet» - Баку, 2016

ТҮЙІН

Мамедова С.Н., Иниязова К.С.

Қант диабетіндегі ұйық безінің қабыну процесінің морфологиялық белгілері

Гистология кафедрасы

Аға ғылыми қызметкер, магистр Сарина А.А.

«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы
Қант диабеті кезіндегі ұйқы безінің гистологиялық типтері морфология белгілері бойынша әртүрлі, бұл аурудың клиникалық ағымын болжауға мүмкіндік беретін гистологиялық зерттеу әдісін қолдануды қажет етеді.

SUMMARY

Mamedova S. N., Iniyatova K. S.

Morphological signs of the inflammatory process of the pancreas in diabetes mellitus

Department of Histology Senior Researcher, Master Sarina A.A. Non-profit joint stock company "West Kazakhstan Medical University named after Marat Ospanov", Aktobe city, Republic of Kazakhstan

Morphological signs of the pancreas in diabetes mellitus vary quite well within the histological type, which requires the use of a histological research method that allows predicting the clinical course of the disease.

УДК 614.253.5(043)

Шақтыбай А.Т., Хамзиева М.М., Нұрмұханов Б.Н., Күзембай А.С.,
Қуаналиева Д.С.

**МЕЙІРБИКЕ ІСІНДЕГІ КОММУНИКАТИВТІ ДАҒДЫЛАРДЫҢ
ҚАҒИДАТТАРЫ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ**

Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау кафедрасы

Ғылыми жетекші: PhD, доцент Абдикадирова И.Т.

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті КеАҚ
Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы

Кілттік сөздер: медбике, диагностикалық қарым-қатынас, науқасты күту, қарым-қатынас дағдылары, моральдық және этникалық ұстанымдар.

Өзектілігі. Мейірбикелер әртүрлі мәдени қоғамдардағы әртүрлі әлеуметтік-экономикалық және басқа жағдайларда жұмыс істейді. Дегенмен, мейірбике ісінің кейбір коммуникативті қағидастары барлық жерде болмаса да, көптеген елдерде қабылданған.

Орта медициналық қызметкер ақпарат беру және пациенттермен тілдесу, диагнозын хабарлауға, сонымен қатар, оларға берілген жағымсыз жаңалықтарды түсінуге және жеңуге көмектесуде маңызды рөл атқарады. Осы үрдістерді дұрыс жеткізу үшін мейірбике коммуникативті дағдыларды меңгерген болуы керек.

Зерттеу мақсаты: Халықаралық тәжірибедегі мейірбикелердің коммуникативті дағды қағидастарын және оның меңгеруін зерттеу.

Материалдар мен әдістер: PubMed, E-library, m-book деректер базасынан әдебиеттердің алдын ала анықталған іздеу салу сөздерін пайдалана отырып, ағылшын, орыс тілдерінде іздеу, мәліметтердің сенімділігі, дұрыстығын бағалау.

Нәтиже. Мейірбикелердің коммуникативтік дәстүрлерінің үлгісін Батыста, әсіресе, Ұлыбритания мен АҚШ сияқты елдердің тәжірибесінен көруге болады. Дүниежүзінің

барлық елдерінде мейірбикелер батыс оқулықтары бойынша оқытылады. З.Банковскийдің пікірінше (2018), медициналық жоғары оқу орындарының студенттері этикаға қатысты барлық мәселелермен шындап танысуы қажет [1]. Германияда 2131 науқасқа жүргізілген сауалнама нәтижесінде медициналық көмектің қанағаттанарлықсыз нәтижесін көрсетті. Пациенттердің 63%-ы уақыт пен қарым-қатынасты жеткіліксіз деп санайды, 44%-ы медициналық қызметкерлердің дәрігерлік рецепттерді дұрыс түсіндірмейді деген[2].

Қазақстанда бұл сала салыстырмалы түрде аз дамыған. Оның мақсатын, міндеттерін қалыптастыру үшін медицина қызметкерлеріне республикалық деңгейде семинар ұйымдастырылды. Ұсынылған тренингтердің маңызды ерекшелігі медицина қызметкерлердің практикалық сабақтарына арналған егжей-тегжейлі және сонымен бірге қолжетімді, пациенттермен қарым-қатынас үлгісі болды. Семинар өз кезегінде медициналық қызметкерлерге әлемдік медициналық тәжірибемен танысуға, өз жетістіктерін түсінуге және кәсіби біліктілігін арттырудың тиімді стратегияларын әзірлеуге мүмкіндік береді [3].

Қорытынды. Қазіргі уақытта денсаулық сақтау мен қоғамда болып жатқан өзгерістерді ескере отырып, мейірбикенің коммуникативті дағдыларын пайдалану туралы деректерге шолу берілді. Халықаралық тәжірибелік әдебиеттерде мейірбикенің коммуникативті дағды қағидаттарының қолайлығы мен сенімділігі туралы оң көзқараста болғанымен, Қазақстанда коммуникативті дағды сенімділігі даму үстінде. Мейірбикелер әрдайым өзінің моральдық-этикалық позицияларын, этикалық және эстетикалық ұстанымдарын жетілдіруі тиіс және ол пациенттерге медициналық сала бойынша барлық көмекті сапалы көрсете алуы керек. Қорытындылай келе, медицина қызметкерлері коммуникативті дағдыларды, қарым-қатынас мәдениетін, тұлға психологиясының негіздерін білуі өте маңызды.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Муслимова В.Б. Зарубежный опыт этических принципов сестринского дела. 156-159.
- 2.Генри Б., Зоренсен М., Гуршфельд М. Медицинские сестры-администраторы и руководители С.44–47.
- 3.Elnaz Yazdanparast1, Malihe Davoudi/The Effectiveness of Communication Skills Training on Nurses' Skills and Participation in the Breaking Bad News//2021 Iranian Journal of Nursing and Midwifery Research

РЕЗЮМЕ

Шақтыбай А.Т., Хамзиева М.М., Нұрмұханов Б.Н., Күзембай А.С., Қуаналиева Д.С..

Принципы коммуникативных навыков в сестринском деле: международный опыт

Кафедра Общественного здоровья и здравоохранение

Научный руководитель: PhD, доцент: Абдикадинова И.Т..

НАО ЗКМУ имени Марата Оспанова, город Ақтобе, Республика Казахстан

Медицинская сестра играет важную роль в предоставлении информации и общении с пациентами, сообщении их диагноза и помощи им в понимании и преодолении плохих новостей. Для того чтобы правильно сообщать об этих процессах, медсестра должна обладать коммуникативными навыками.

SUMMARY

Shaktybay A.T., Khamziyeva M.M., Nurmukhanov B.N., Kuzembai A.S., Kuanaliyeva D.S.

Principles of communication skills in nursing: international experience

Department: Public health and health care

Scientific supervisor: PhD Abdikadrova I.T.

West Kazakhstan Marat Ospanov medical university

The nurse has an important role to play in providing information and communicating with patients, communicating their diagnosis, and helping them understand and deal with bad news. In order to properly communicate these processes, the nurse must have communication skills.

УДК 613.98-053.88(574.13)

Арыстанова А.Б., Сағынғали Н.М., Садық Д.Б., Темирзакова А.А.,
Абдикадирова И.Т.

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЕГДЕ ЖАСТАҒЫ АДАМДАРДЫҢ МЕНТАЛЬДЫ ДЕНСАУЛЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау кафедрасы

Ғылыми жетекші: м.ғ.м., аға оқытушы: Бекбауова А.У.

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті КеАҚ, Ақтөбе қ,
Қазақстан Республикасы

Кілттік сөздер: психикалық денсаулық, ересектер, психикалық бұзылулар.

Өзектілігі. Қазақстан Республикасындағы психиатриялық көмек мамандандырылған болғандықтан, жалпы тәжірибелік дәрігерлерге шағымданған егде жастағы науқастардың 50%-да психикалық бұзылулар белгілері табылған [1,2]. Бұл дегеніміз Қазақстан Республикасының статистикасы егде жастағы адамдардың психикалық ауруларын тіркемейді. Нәтижесінде қарт адамдардың психикалық жүйесінің бұзылулары назардан тыс қалуда. Психикалық бұзылыстары бар осы жастағы адамдардың басым бөлігі тиісті қамқорлыққа мұқтаж.

Зерттеу мақсаты. Егде жастағы адамдардың ментальды денсаулығының ерекшеліктерін зерттеу.

Зерттеу материалдары мен әдістері. 2018-2020 жылдардағы ҚР халық денсаулығы және Ақтөбе облысы денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі туралы статистикалық жинақтары және №1 қалалық емхана бойынша 60-75 жас аралығындағы егде тұрғындарының «Психикалық ауруларды электронды тіркеу» ақпараттық жүйесі бойынша алынған мәліметтер (№052/е нысаны – амбулаториялық пациенттің медициналық картасы; №030-2/е – психикалық бұзылысы бар науқасты бақылау картасы; №061/е нысан – психикалық бұзылысы бар науқастардың контингенті туралы есебі; №014/е нысан – психикалық бұзылысы бар науқастардың стационардан шыққаны туралы есебі). Зерттеуде ретроспективті және статистикалық талдау әдістері жүргізілді [2].

Нәтижелер. Зерттеу нәтижесі ҚР және Ақтөбе қаласы халқының ментальды денсаулық жағдайына Республикалық ғылыми-тәжірибелік психиатрия, психотерапия және наркология орталықтары жариялайтын «Қазақстан халқына психиатриялық көмек» материалдарының жыл сайынғы статистикалық жинақтары бойынша талдау жасалды. 2020 жылы алғаш сырқаттанғандар саны 100 мың адамға шаққанда 53,8 % жағдайды құрады [3]. Осы кезеңде республикадағы ментальды бұзылуларға қатысты Ақтөбе ҮІІ орынды иеленді. Сонымен қатар, ХАЖ-10 жинағы бойынша егде жас тұрғындарының арасында 1-орында шизофрения және шизотипті сандырақтау, 2-орында аффективті неврологиялық бұзылыстар тіркелген, ал жеңіл түрдегі бұзылыстар психоздар, күйзелістік синдромдары тіркелмеген. Ал бұл арнайы мамандардың қарауында, тек қана ауыр түрдегі науқастар ғана тіркелетінін көрсетеді [3].

Қорытынды: Зерттеу бойынша 60-75 жас аралығындағы егде жастағы тұрғындарда күйзеліс, үрей алаңдаушылық, мазасыздық белгілері көп анықталған. Бұл белгілерге егде жастағы адамдар көңіл бөлмейтіндіктен оны асқындыру сатысына (шизофрения, деменция, Альцгеймер ауруы) дейін апарды. Осыған сәйкес жалпы тәжірибелік дәрігерлер тиісті көмекті бере алмайды. Ал психиатриялық көмек мамандандырылған, ол денсаулық сақтаудың жалпы жүйесінен бөлек және жеке заңмен реттеледі, сол себепті МСАК деңгейінде психиатриялық қызметтер әлі де толық қолжетімді емес[2,3].

Әдебиеттер тізімі:

1. Захарчук С. А. Исследование отношения к здоровью пожилых людей в современном психологии 2019 г., стр. 63-74
2. «Психологическое здоровье и его составляющие» Черника А.С. 2021 г., стр. 328-331.
3. 2018-2020 жж. Қазақстан Республикасы халқының денсаулығы және денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі статистикалық жинақ., Нур-Сұлтан, 03.09.2021ж.

РЕЗЮМЕ

Арыстанов А.Б., Сағынғали Н.М., Садық Д.Б., Темірзакова А.А., Абдикадилова И.Т.

Особенности ментального здоровья пожилых людей в городе актобе

Кафедра Общественное здоровье и здравоохранение

Научный руководитель: м.м.н., старший преподаватель Бекбауова А.У.

Западно-Казакстанский медицинский университет имени Марата Оспанова, г.Актобе, Республика Казакстан.

Исследование показало, что у пожилых жителей в возрасте от 60 до 75 лет больше симптомов стресса, беспокойства, тревожность. Это приводит к стадии осложнения (шизофрения, деменция, болезнь Альцгеймера), когда пожилые люди не обращают внимания на симптомы. В соответствии с этим врачи общей практики не могут оказывать надлежащая помощь. А психиатрическая помощь специализирована, она отделена от общей системы здравоохранения и регулируется отдельным законом, поэтому психиатрические услуги по-прежнему недоступны на уровне ПМСП.

SUMMARY

Arustanov A.B., Sagyngali N.M., Sadyk D. B., Temirzakova A.A., Abdikadirova I.T.,

Features of mental health of elderly people in aktobe

Department: Public health and health care

Scientific director: Bekbauova A. U., master of medical sciences, senior teacher of the department

NJSC West Kazakhstan Medical University named after Marat Ospanov, Aktobe city, Republic of Kazakhstan

The study showed that older residents aged 60 to 75 years have more symptoms of stress, anxiety, anxiety. This leads to a stage of complication (schizophrenia, dementia, Alzheimer's disease), when older people do not pay attention to the symptoms. In accordance with this, general practitioners cannot provide proper care. And psychiatric care is specialized, it is separated from the general health care system and regulated by a separate law, so psychiatric services are still not available at the PHC level.

Қайыржанов Р.М., Ирмуханов Б.Б., Қожақметова Д.Ә.

ХРОНОТИПКЕ БАЙЛАНЫСТЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ДЕНСАУЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ

Патофизиология кафедрасы

Ғылыми жетекші: Ауезова Д.С

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медициналық университеті
Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы

Кілттік сөздер: оқушылардың денсаулығы, хронотиптері, жүрек-тамыр жүйесі, Робинсон индексі, сұрақ қою.

Өзектілігі. Денсаулық мәселесінде адамның жеке ерекшеліктерін ескеруде маңызды фактор болып табылады. Адамның осындай ерекшеліктерінің бірі оның хронотипі болып табылады, ол дененің әртүрлі мүшелері мен жүйелерінің функционалдық белсенділігінің күнделікті динамикасының сипатын білдіреді (ояту және ұйықтау уақыты, өнімділік динамикасы, 24 сағаттық артериялық қысым, өкпе желдету көлемінің ауытқуы, т.б.). Адам үшін биоритмдерді есепке алудың маңыздылығы айқын, өйткені ағзаның функционалдық белсенділігінің күнделікті динамикасы бейімделу процесінің бөлігі болып табылады, оның ағымы денсаулық жағдайын алдын-ала анықтайды. Әрбір биоритмологиялық тип олардың кейбір факторларға дұрыс төзімділігін және басқаларға жоғары сезімталдығын анықтайтын тіршілік әрекетінің ерекше ерекшеліктеріне тән. Тиісінше, жеке өмір салтын, атап айтқанда, күн тәртібін ұйымдастырған кезде оның белгілі бір биоритмологиялық типке жататындығын елемей, бұл төмен өнімділік жағдайында болған кезде денеге шамадан тыс жүктеме әкелуі мүмкін. Мұндай жағдай жүйелі түрде қайталанса, бұл шамадан тыс жұмыстың дамуына және болашақта патологияның қалыптасуына әкелуі мүмкін. [2]

Зерттеу мақсаты. Хронотипке байланысты студенттердің денсаулық жағдайын бағалау

Материалдар және әдістері. Зерттеу объектісі – БҚМУ емдеу-профилактикалық факультетінің 3 курстың студенттері, олардың ішінде 26,6% ұлдар және 73,3% қыздар. Зерттеу объектісі – БҚМУ емдеу-профилактикалық факультетінің 3 курстың студенттері, олардың ішінде 26,6% ұлдар және 73,3% қыздар. Хронотипті анықтау үшін Хорн-Остберг сынағы қолданылды. бойынша зерттелді. Жүрек-қан тамыр жүйесінің (ЖСС) функционалдық жағдайы жүрек соғу жиілігі, қан қысымы бойынша бағаланды. Жүрек қан- тамырлық жүйесі көрсеткішін Робинсон индексі есептеу арқылы бірыңғай әдістеме бойынша зерттелді. Организм жағдайы студенттерден сұхбаттасу арқылы алынды [3].

Зерттеу нәтижелері. Зерттеу барысында Жалпы медицина факультетінің 3 курс студенттерінің хронотиптері анықталды, оның ішінде 78,8% - «көгершіндер», 14,4% - «үкілер» және 6,6% - «қаршыға». Робинсон индексі бойынша студенттердің 54,4% жүрек қан- тамырлық жүйесі көрсеткіші 85-тен жоғары, бұл ЖҚЖ функциялық жеткіліксіздігі бар екенін жобалайды. Студенттердің 45,6% жүрек қан- тамырлық жүйесі көрсеткіші 85-тен кем, бұл ЖҚЖ функциялық қызметі қалыпты жағдайда екенін айтады [1].

Қорытындысы. Осылайша, алынған мәліметтер хронотипке байланысты денсаулық жағдайының типологиялық "портретін" құруға мүмкіндік берді. Биоритмдердің түріне байланысты денсаулық жағдайының ерекшеліктерін ескере отырып, еңбек және

демалыс режимін, қозғалыс белсенділігін және жалпы өмір салтын ұтымды етуге бағытталған тиімді жеке сауықтыру шараларын жүргізуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Балбатун, О.А. Методы диагностики и значение хронотипов человека/ О.А. Балбатун // Медицинские знания. – 2011. - No 1. – С. 24-26.
2. Барбараш, Н.А. Оцените свое здоровье сами / Н.А. Барбараш, В.И. Шапошникова. – СПб, 2003. – 256с.
3. Вайнер, Э.Н. Валеология / Э.Н. Вайнер. – М.: Флинта: Наука, 2010. – 232с.

РЕЗЮМЕ

Қайыржанов Р.М., Ирмуханов Б.Б., Қожақметова Д.Ә.

Особенности состояния здоровья студентов в зависимости от хронотипа

Патологиялық физиология кафедрасы
Ғылыми жетекші: Аuezова Д.С.

Западно Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова

В вопросе здоровья важным фактором является учет индивидуальных особенностей человека. Особенности личности определяют не только predetermined внешние фенотипические признаки, но и повседневное поведение, образ жизни, профессиональный выбор, предрасположенность к различным предрасполагающим заболеваниям.

RESUME

Kaiyrzhanov R.M., Irmukhanov B.B., Kozhakmetova D.

Features of the health status of students depending on the chronotype

Department of Pathology physiology
Auezova D.S.

West Kazakhstan Medical University named after Marat Ospanov

In the matter of health, an important factor is taking into account individual characteristics of a person. Personality traits determine not only predetermined external phenotypic signs, but also everyday behavior, lifestyle, professional choice, predisposition to various predisposing diseases.

УДК 616.12-057(574.13)

Момышева.А.С., Алпысбай.Н.Е.

АҚТӨБЕ ФЕРРОҚОРЫТПА ЗАУЫТЫ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ЖҮРЕК-ҚАНТАМЫР ЖҮЙЕСІ АУРУЛАРЫНЫҢ КЕЗДЕСУ ЖИЛІГІ

Патологиялық физиология кафедрасы
Ғылыми жетекші: Нурымова Г.К.

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті КеАҚ,
Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы

Кілттік сөздер: зиянды әдеттер, металдық феррохром, ретроспективті талдау, бейорганикалық шаң, клиникалық тексеру.

Өзектілігі: Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының деректері бойынша, соңғы ширек ғасырда 30-79 жас аралығындағы ересектер арасында артериялық гипертензияға шалдыққан науқастар саны 650 миллионнан 1,28 миллион адамға дейін өскен. Қазақстан Республикасында аурудың жалпы жүктемесінің едәуір бөлігі, жоғары қан қысымы (14,3%) маңызды қауіп-қатер факторлары ретінде теңгерімсіз тамақтанудан

кейін екінші орынды алады.[1] Жүрек-тамыр жүйесі ауруларының ішінде кең тараған негізгі буыны-артериялық гипертензия. Көптеген зерттеулер қоршаған орта мен өмір салты факторларының өзгеруі ЖҚА дамуына айтарлықтай әсер етуі мүмкін екенін көрсетті.[2].Оның ішінде өндірістік зиянды және қауіпті факторлардың әсері өте жоғары. Ақтөбе ферроқорытпа зауытындағы цехтардың технологиялық үрдістері бойынша негізгі зиянды факторлары:бейорганикалық шаң, хром және оның қосылыстары, шу, еңбектің ауырлығы мен қарқындылығы [3]. Бұл факторлардың кешенді әсері артериялық гипертензияның дамуына ықпал етеді.

Зерттеу мақсаты: Ақтөбе ферроқорытпа зауыты негізгі және қосалқы цехтар жұмысшылары арасындағы артериялық гипертензияның кездесу жиілігін анықтау.

Зерттеу материалдары мен әдістері: «Евразия» медициналық орталығында артериялық гипертензия бойынша есепте тұрған 150 науқастың амбулаторлық карталарына ретроспективті талдау жүргізілді.

Нәтижелер: «Евразия» медициналық орталығында тіркелгендер саны2087 адам. Диспансерлік есепке алынғандар саны 338. Оның ішінде артериялық гипертензия 183 (54,1%), қант диабеті 70 (20,7%), жүректің ишемиялық ауруы 50 (14,7%). Артериялық гипертензиямен тіркеуде тұрған 183 науқастың 150-і Ақтөбе ферроқорытпа зауытында жұмыс жасайды. Жүргізілген талдаулар нәтижесінде 118 (78,7%) жағдай ерлер арасында, 32 (21,3%) әйелдер арасында кездеседі, жас аралығы бойынша 18-44 жас-7%, 45-59 жас - 79%, 60-74 жас - 14%.

Негізгі цехтардағы жұмысшылар арасындағы кездесу жиілігі 21(14%), қосалқы цехтардағы жұмысшылар арасындағы кездесу жиілігі 129 (86%) құрайды. Оның ішінде: жөндеу-механикалық цехы 32 (21,3%), автоцех 24 (16%), теміржол цехы 20 (13,3%). Соның ішінде ерлер арасындағы артериялық гипертензияның кездесу жиілігі жөндеу механикалық цехта 21%, автоцехта 19%, балқыту цехында 16%. Әйелдер арасында артериялық гипертензияның кездесу жиілігі сервистік қызмет көрсету цехында - 25%, жөндеу-механикалық цехта - 23%, қалдықтарды қайта өңдеу цехында - 16%.

Қорытынды: Ақтөбе ферроқорытпа зауытының негізгі және қосалқы цех жұмысшылары арасында артериялық гипертензияның таралуында өндірістік ортаның зиянды факторларының маңыздылығы жоғары.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Ә.Т.Кинаятовна, М.И.Тлеубаева, Г.И.Ешенкулова//Қазақстан Республикасындағы антигипертензивті дәрілік заттардың фармацевтикалық нарығын талдау//ӨОК.615.2.615.22
- 2.Чаулин А.М., Дупляков Д.В.Факторы окружающей среды и сердечно-сосудистые заболевания // Гигиена и санитария. 2021-С. 224-225.
3. Мамырбаев, А. А. Характеристика условий труда на Актюбинском заводе ферросплавов // Гигиена труда и медицинская экология. – №1 (26). – 2010. – С. 546-547.

Резюме

Момышева.А.С.,Алпысбай.Н.Е.

Частота встречаемости сердечно-сосудистой заболеваний среди работников Актюбинского завода ферросплавов.

Кафедра патологической физиологии

НАО Западно-Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова,

город Актобе, Республика Казахстан

Существует риск того, что влияние производственных вредных факторов приведет к росту сердечно-сосудистый заболеваний в будущем.

SUMMARY

Momysheva.A.S.,AlpysbayN.E.

The frequency of diseases of the cardiovascular system¹ among the workers of the Aktobe ferroalloy plant.

Department of Patological Physiology

«West Kazakhstan Medical University named after Marat Ospanov»

Aktobe city, The Republic of Kazakhstan.

There is a risk that the influence of harmful factors from production will lead to an increase in diseases of the cardiovascular system in the future.

УДК 616.24-002.5

Шайдуллина А.А., Лекеров Н.А., Айтуарова А.А.

ӨКПЕНІҢ СУРФАКТАНТТЫҚ ЖҮЙЕСІ (ӘДЕБИ ШОЛУ)

Гистология кафедрасы

Ғылыми жетекші: м.ғ.к., профессор Темирова Г.А.

КеАҚ«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медициналық университет»

Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы

Кілттік сөздер: БАЗ жүйесі, туберкулез, тәжірибелік туберкулез, өкпемикропрепараты, ауа-тамшылы тосқауыл.

Өзектілігі. Өкпенің сурфактантты жүйесі – құрамында жасушадан тыс компонент немесе альвеолярлы сурфактант және сурфактант компоненттерінің синтезіне, секрециясына, қайта өңдеу мен реттеуге қатысатын көп компонентті, күрделі ұйымдастырылған жүйе. Сонымен қатар, альвеолярлы сурфактантты заттың айқын жетіспеушілігі альвеолалардың беттік керілуінің күрт жоғарылауына және дем шығару соңында төмендеуіне байланысты жедел тыныс жетіспеушілігі синдромының дамуына себеп болады.

Зерттеу мақсаты. Прогрессивті эксперименттік туберкулез жағдайында өкпенің сурфактантты жүйесін зерттеу

Материалдар және әдістер. Әдеби шолу өткізу. Өкпенің созылмалы қабынуы дисателектаздар мен ателектаздардың пайда болуымен қатар жүретіні анықталды, олардың себебі желдету мен микроциркуляцияның бұзылуымен қатар сурфактантты жүйенің морфофункционалды өзгерістері болып табылады. Осы мақсатта зерттеудің физика-химиялық, биохимиялық және морфологиялық әдістері қолданылады. Соңғыларының ішіндегі ең ақпараттысы – өкпенің сурфактантты жүйесінің жасушадан тыс және жасушалық компоненттерінің күйін бағалауға мүмкіндік беретін электронды микроскопия әдістері [1].

Нәтижелері: Сурфактант препараттары мен олардың алмастырғыштарының әсері өкпенің газ алмасу қызметін қалпына келтіруге және сурфактант тапшылығына байланысты тыныс алу жеткіліксіздігінің дамуын болдырмауға бағытталған. Сурфактанттың тағы бір қызметі – өкпе макрофагтарына белсендіруші әсер ету, ол үшін макрофагтың рецепторлық аппараты арқылы әсер ете отырып, фагоцитарлық белсенділіктің табиғи стимуляторы ретінде қызмет етеді. Туберкулездің қабынуы

өкпенің құрылымдық ұйымын бұза отырып, сурфактантты жүйеде ауысуларды тудырады. Капиллярлық өткізгіштіктің жоғарылауы жасушаішілік ісінуге және сұйықтықтың интерстицийге және альвеолалардың люменіне шығуына әкеледі. Ісік пен жасушалық пролиферация сұйықтықтың микроциркуляциясы мен альвеола қабырғасының жасушалық элементтерін қанмен қамтамасыз ету жағдайларын бұзады. Құрамында ауаның газ құрамы мен сурфактант гипофазасының өзгеруіне жауап беретін және өкпенің тыныс алу жолдарының реакциясын тудыруы мүмкін хеморецепторлар бар[2]. Туберкулезге қарсы химиотерапия жануарлардағы спецификалық қабынудың дамуын тоқтатады, бірақ оларды ұзақ қолдану. Өкпенің сурфактантты жүйесінің бұзылу дәрежесіне байланысты (мардымсыз, жергілікті; айқын және кең таралған) өкпенің туберкулез процесінен зардап шеккен сурфактант тәуелді бұзылулардың алдын алу және түзету әдісі анықталады[3].

Қорытынды. Созылмалы қабыну жағдайында щеткалы эпителиоциттердің ультрақұрылымында жасушаішілік зақымдануды көрсететін ауысулар орын алады, бұл сурфактантты өкпе жүйесінің функционалдық күйінде көрінуі мүмкін. Альвеолярлы паренхимадағы өзгерістердің дамуымен сурфактант жүйесіндегі бұзылулар туберкулез ошағымен шектесетін өкпе аймақтарында күшейеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сурфактантная система при туберкулезе легких. – М.: ФГБУ «ЦНИИТ» РАМН, - 2013 – 265 с. ил. 52.
2. Ерохин В.В., Лепеха Л.Н., Ерохина М.В., Ловачева О.В. Сурфактантная система при туберкулезе легких. – М.: ФГБУ. «ЦНИИТ» РАМН, - 2013 – 265 с. ил. 52. (Б. 8, 79, 109, 119).
3. Ловачева О.В., Черниченко Н.В., Евгущенко Г.В., Лепеха Л.Н., Ерохин В.В. Результаты применения препарата сурфактанта в комплексной терапии больных деструктивным туберкулезом легких. //«Проблемы туберкулеза и болезней легких» №10, 2006, с 12-17.

РЕЗЮМЕ

Шайдуллина А.А., Лекеров Н.А., Айтұарова А.А.

Сурфактантная система легких

Кафедра гистологии

м.ғ.к., профессор Темирова Г.А.

Некоммерческое акционерное общество Западно-Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова, город Актобе, Республика Казахстан.

Сурфактантная система обеспечивает защиту и нормальное функционирование альвеол в процессе дыхания. Литературный обзор показывает результаты исследования, что туберкулезное воспаление, нарушая структурную организацию легких, вызывает сдвиги и в сурфактантной системе, выраженность которых зависит от степени повреждения альвеолярной паренхимы.

SUMMARY

Shaidullina A.A., Lekerov N.A., Aituarova A.A., Maksotova N.M., Belentbay S.K.

Surfactant lung system

Department of Histology

PhD, Associate Professor Temirova G.A.

Non-profit Joint Stock Company West Kazakhstan Medical University named after Marat Ospanov, Aktobe, Republic of Kazakhstan.

The surfactant system provides protection and normal functioning of the alveoli during respiration. The results of the study showed that tuberculosis inflammation, disrupting

the structural organization of the lungs, causes shifts in the surfactant system, the severity of which depends on the degree of damage to the alveolar parenchyma.

УДК 616.9(574.5)

АрынғазыЖ.А.

ҚАЗАЛЫ ТҮРҒЫНДАРЫ АРАСЫНДАҒЫ COVID-19 КЕЙІНГІ СИНДРОМ

Патологиялық физиология кафедрасы

Ғылыми жетекші: м.ғ.к., патофизиология кафедрасының жетекшісі Жексенова А.Н.

КеАҚ «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медициналық университеті»

Кілттік сөздер: COVID-19, пост-ковид синдромы, сауалнама, мазасыздық мектебі.

Өзектілігі. ДСҰ мәліметтері бойынша 2022 жылдың ақпан айына дейін COVID-19 инфекциясын 420 млн адам жұқтырған, соның ішінде 5,9 млн халық қайтыс болған. ДСҰ ұсынған анықтамасы бойынша COVID-19 кейінгі синдром анамнезінде COVID-19 инфекциясы нақтыланған немесе күдікті науқастарда, негізгі симптомдар басталғаннан 3 айдан кейін дамып, 2 айдан кем емес уақытқа созылатын ауру. АҚШ және Мексика ғалымдарының зерттеуінде COVID-19-дан жазылғаннан кейін бірнеше айлар бойы сақталатын 55 симптомды атаған. Британдық мамандардың зерттеуінде 2020 жылдың сәуір айынан, сол жылдың желтоқсан айы аралығында COVID-19-бен ауырған науқастарда инфекциядан кейінгі синдромға COVID-19 ауырлық дәрежесі әсер етпейтіндігі көрсетілген.

Зерттеу мақсаты. Қазалы қаласында COVID-19 кейінгі синдромның таралу дәрежесін және инфекциядан кейінгі кезеңдегі науқастардың жалпы жағдайын бағалау.

Материалдар және әдістері. Зерттеуге Қазалы қаласының тумасы, тыныс алу жолдарының ауруларымен есепте тұрмайтын, COVID-19-бен ауырғанына 1 жыл толмаған 18 жастан жоғары адамдар іріктелді. Қатысушылар I топ - 18-44 жас (n=50), II топ - 45-59 жас (n=50) және III топ - 60 жастан жоғарылар (n=50) деп жіктелді. 3 кезең бойынша зерттелді: 1) зерттелушілерді сұрастыру, жалпы қарау, объективті тексеру; 2) аспапты (пульсоксиметрия, ЭКГ, кеуде клеткасының рентгенографиясы, іш қуысы ағзаларының УДЗ-і); 3) сауалнама (шкала тревоги Бека, анкета для выявления постковидного синдрома);

Нәтижелері. I топта диспепсиялық синдром 90%, жедел респираторлы ауру (ЖРА) белгілері 96%, тонзиллит белгілері 82%, миалгия 100%, артралгия 92%, II топта диспепсиялық синдром 98%, ЖРА белгілері 96%, тонзиллит белгілері 90%, миалгия 100%, артралгия 98%, III топта диспепсиялық синдром 100%, ЖРА белгілері 98%, тонзиллит белгілері 96%, миалгия 100%, артралгия 100% құрады. УДЗ өткізілгендер ішінде I топта (14 адам) холестаз белгілері 71,4%, II топта (31 адам) холестаз белгілері 71%, III топта (40 адам) холестаз белгілері 62,5% табылды. Пульсоксиметрия бойынша I топта SpO2 барлығында 98-99%, тахикардия 54%, брадикардия 16%, қалыпты 30%, II топта SpO2 98-99% науқастардың 83% (43), 95-98% науқастардың 14% (7), тахикардия 50%, брадикардия 22%, қалыпты 28%, III топта SpO2 98-99% науқастардың 54% (27), 95-98% науқастардың 42% (21), 95%-дан төмен SpO2 науқастардың 4% (2), тахикардия 74%, брадикардия 10%, қалыпты 16% көрсетті. 3-кезеңде I топта үрей жоқ (8 ұпай), II топта жеңіл дәрежелі үрей (15±2 ұпай), III топта 76% орташа дәрежелі үрей (24±1 ұпай), 24% жоғары дәрежелі үрей (47±1 ұпай) байқалды.

Қорытынды. Қазалы қаласы бойынша зерттеуге қатысқан 150 зерттелушінің 80%, яғни 18-44 жастағы 60% (30), 45-59 жастағы 82% (41), 60 жастан жоғары 98% (49)

зерттелушілерде COVID-19 кейінгі синдром анықталды. Зерттеуде синдромның ауырлық дәрежесіне науқас жасы тікелей әсер етіп, ауру барысын ауырлата түсетіндігіне көз жеткізілді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Петрова Н.Н. и соавт. Депрессивные состояния в структуре постковидного синдрома: особенности и терапия. // Обозрение психиатрии и медицинской психологии имени В.М. Бехтерева. -2022;- 56:1:1-С. 6-24.
2. Пахомова И.Г. На приеме пациент с диспепсией после перенесенной новой коронавирусной инфекции (Covid-19). Возможные пути решения проблемы. // Трудный пациент. -2021; №19 (2). –С. 46–50.
3. T.V. Glazanova, E.R. Shilova. Immune system disturbances after a new coronavirus infection COVID-19 // Russian Research institute of hematology and transfusiology. -Saint-Petersburg, Russian Federation. -2022; №14 (4). –С. 26-37.

Резюме

Арынғазы Ж.А.

Пост-ковидный синдром среди жителей казалинска

Кафедра патологической физиологии

Научный руководитель: к.м.н., руководитель кафедры патологической физиологии
Жексенова А.Н.

НАО «Западно-Казакстанский медицинский университет имени Марата Оспанова»
город Актобе, Республика Казакстан

Определили степень развития постковидного синдрома и состояние здоровья пациентов, перенесших COVID-19. Было взято 150 человек старше 18 лет, проживающих в городе Казалинске, у которых в течение года был COVID-19. В результате исследования постковидный синдром был определен у 80% изученных.

SUMMARY

Aryngazy Zh.A.

Post-covid-19 syndrome among residents of kazalinsk

Department of Pathological Physiology

Scientific adviser: c.m.s., head of the department Pathological physiology Zheksenova A.N.
Non-profit joint stock company West Kazakhstan Medical University named after Marat Ospanov, Aktobe city, Republic of Kazakhstan.

Determined the degree of development of post-covid syndrome and the health status of patients who underwent covid-19. 150 people over 18 years old, living in the city of Kazalinsk, who had covid-19 during the year, were taken. As a result of the study, post-covid syndrome was determined in 80% of the studied.

УДК 159.9-057.875

Жанатова А.А.^{1.}, Нұриахмет Г.Н.^{1.}, Жанабек А.К.^{2.}

ӘСКЕРИ ИНСТИТУТ КУРСАНТТАРЫНЫҢ ПСИХО-ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ЖАҒДАЙЫН АНЫҚТАУ

Жалпы медицина факультеті

Ғылыми жетекші: м.ғ.магистрі Ахметова У. Ж.

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазакстан медицина университеті

Кілттік сөздер: әскери институт, психология, депрессия, студенттер, сұрастыру, үрейлену.

